

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ**

20 16 ж. «18» 01 ЖҮРГІЗІЛДІ

АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 29.01 жыл 2010

БСН 100140012919

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР  
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

20 21 ж. «13» 07 ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 100140012919

АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 29.01 жыл 2010



**Құрылтайшы - «Самұрық-Қазына»  
Ұлттық әл-ауқат қоры»  
акционерлік қоғамы Басқармасының  
2021 жылғы 24 маусымдағы шешімімен  
(№ 27/21 хаттама)  
БЕКІТІЛГЕН**

**«SAMRUK-KAZYNA TRUST»  
КОРПОРАТИВТІК ҚОРЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ**

## **1 . Корпоративтік қордың атауы, мекенжайы және құқықтық мәртебесі**

1. «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қоры (бұдан әрі – Корпоративтік қор) коммерциялық емес ұйым болып табылады, мүшелігі жоқ және осы Жарғыда көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін Құрылтайшы құрған.

2. Корпоративтік қордың толық атауы:

қазақ тілінде: «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қоры;

орыс тілінде: Корпоративный фонд «Samruk-Kazyna Trust»;

ағылшын тілінде: «Samruk-Kazyna Trust» Corporate Fund;

Корпоративтік қордың қысқартылған атауы:

қазақ тілінде: «Samruk-Kazyna Trust» КҚ;

орыс тілінде: КФ «Samruk-Kazyna Trust»;

ағылшын тілінде: «Samruk-Kazyna Trust» CF.

3. Корпоративтік қордың мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Z05T1D8, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 17/10 үй.

4. Корпоративтік қор мемлекеттік тіркеуден өткен сәтінен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады және өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Корпоративтік қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

5. Корпоративтік қордың әрекет ету мерзімі шектеусіз.

6. Корпоративтік қордың меншікті жекеленген мүлігі және теңгерімі бар. Корпоративтік қор өз міндеттемелері бойынша өзінің мүлкі шегінде жауап береді. Құрылтайшы Корпоративтік қордың міндеттемелері бойынша жауапты болмайды және Корпоративтік қор Құрылтайшының міндеттемелері бойынша жауапты болмайды.

7. Корпоративтік қор банктік шоттарды ұлттық және шетел валютасында ашуға құқылы.

8. Корпоративтік қор Қазақстан Республикасының аумағында филиалдар мен өкілдіктерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ашуға құқылы. Корпоративтік қордың филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын Корпоративтік қордың уәкілетті органдары тағайындайды және олар сенімхат негізінде әрекет етеді.

9. Корпоративтік қордың өз мөрі, мөртабаны, фирмалық бланкілері, бейнелемесі бар.

10. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Корпоративтік қор басқа заңды тұлғаларды ашуға немесе олардың қызметіне қатысуға, қауымдастықтар мен одақтарға кіруге құқылы.

## **2. Корпоративтік қордың құрылтайшылық құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

11. Корпоративтік қордың жарғысына өзгерістер мен толықтырулар осы

Жарғыда белгіленген тәртіпте Құрылтайшының шешімі бойынша енгізіледі.

### 3. Корпоративтік қор қызметінің мақсаттары мен мәні

12. Корпоративтік қор қызметінің мақсаттары:

- 1) әлеуметтік және медициналық сектордағы адамдарға, қоғамдастықтарға көмектесу;
- 2) медиа, мәдени қоғамдастықты, адам әлеуетін дамыту, еңбек қатынастарын нығайту және қоғамның орнықты дамуын инвестициялау;
- 3) «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы (бұдан әрі – Қор) орналасқан өңірлерде әлеуметтік инвестициялардың өңірлік бағдарламасын іске асыру;
- 4) Қордың және/немесе Қор тобының беделін нығайту және имиджін ілгерілету;
- 5) кәсіби спортты қолдау, дамыту және нығайту болып табылады.

13. Корпоративтік қор қызметінің мәні:

- 1) қайырымдылық көмек көрсету;
- 2) білім, ғылым, мәдениет, спорт, өнер, кәсіпкерлік саласында қайырымдылық көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасындағы, сондай-ақ шетелдегі қоғамдық, мемлекеттік және өзге де ұйымдармен ынтамақтастықты дамыту;
- 3) білім, ғылым, мәдениет, спорт, өнер, кәсіпкерлік саласында қайырымдылық көмек көрсетуге бағытталған бағдарламалар әзірлеу және іс-шаралар өткізу;
- 4) ұйымдарға, оның ішінде мемлекеттік және халықаралық ұйымдарға қайырымдылық көмек көрсету шеңберінде білім, ғылым, мәдениет, спорт, өнер, кәсіпкерлік саласындағы іс-шаралар мен бағдарламаларды әзірлеуге және жүргізуге жәрдемдесу;
- 5) қайырымдылықты жүзеге асыру үшін материалдық және қаржы қаражатын тарту;
- 6) қайырымдылықты қаржыландыру тәртібін айқындау, сондай-ақ Қор бөлетін қайырымдылық көмек қаражатының тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру;
- 7) Корпоративтік қор қатысушы (құрылтайшы, акционер) болып табылатын спорт клубтары мен ұйымдарының қызметіне басшылық жасау болып табылады.

14. Осы Жарғыда айқындалған мақсаттарды орындау үшін Корпоративтік қор:

- 1) ғылыми, ақпараттық, баспа, ағартушылық жұмысты жүзеге асыруға,
- 2) Қазақстан Республикасының қоғам қайраткерлерін және бизнес өкілдерін, Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарының мамандарын тарта отырып, сараптамалық және басқа да кеңестер мен комиссиялар құруға;
- 3) белгіленген рәсімдер шеңберінде сыйлықақылар белгілеуге, стипендиялар

мен гранттар белгілеуге, конференциялар, форумдар, симпозиумдар, көрмелер, инвестициялық саммиттер, фестивальдар, байқаулар ұйымдастыруға;

4) қайырымдылық шеңберінде Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті дамытуға және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға жәрдемдесуге;

5) спорттық іс-шаралар өткізуге, спорттық ғимараттар салуға және спорттық инфрақұрылымды дамытуға жәрдемдесуге және оған қатысуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған, осы Жарғыда көзделген міндеттерді шешу үшін қажетті басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

15. Осы Жарғыда айқындалған мақсаттарға қол жеткізу үшін Корпоративтік қор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқылы.

16. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, Корпоративтік қор тиісті лицензиясы болған кезде арнайы қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

#### 4. Корпоративтік қордың мүлкі

17. Корпоративтік қорға оның Құрылтайшысы берген мүлік Корпоративтік қордың меншігі болып табылады. Құрылтайшының Корпоративтік қордың мүлкіне мүліктік құқығы жоқ.

18. Корпоративтік қордың мүлкі Құрылтайшыдан бір жолғы және (немесе) тұрақты түсетін түсімдер есебінен құралады.

19. Корпоративтік қордың мүліктерін ақшалай және өзге де нысандарда қалыптастыру көздері:

1) Құрылтайшыдан түсетін түсімдер;

2) ерікті мүліктік жарналар мен қайырымдылықтар;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін түсімдер (кірістер);

4) дивидендтер (акциялар, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар, салымдар (депозиттер) бойынша алынатын кірістер, сыйақы, мүдде);

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызметтер.

20. Корпоративтік қордың өз меншігінде Жарғыда көзделген қызметті материалдық қамтамасыз етуге қажетті мүлікке ие бола алады. Корпоративтік қор ұйымдар ашуға және заңды тұлғалардың қатысушысы (акционері) болуға құқылы. Кәсіпкерлік және заңнамада тыйым салынбаған басқа да қызметтен түскен кіріс Құрылтайшының меншігіне түспейді, басқа тұлғалар арасында бөліне алмайды және Корпоративтік қор қызметінің мақсаттарына және Корпоративтік қордың қызметін қамтамасыз етуге жұмсалады.

21. Корпоративтік қор қаржылық жыл аяқталғаннан кейін 6 ай ішінде



қаржылық қызметті тексеруді жүзеге асыруға міндетті. Тексерулерді заңнамада және Корпоративтік қордың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен тартылатын аудиторлық ұйым немесе Құрылтайшы тағайындайтын тексеруші жүзеге асырады.

22. Корпоративтік қор өз мүлкін пайдалану туралы есептерді жыл сайын интернет-ресурстарда орналастыруға және (немесе) өткен қаржы жылы үшін Корпоративтік қордың жылдық қаржылық есептілігі бекітілгеннен кейін оларды Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында жариялауға міндетті.

23. Корпоративтік қор өз қызметі туралы ақпаратты уәкілетті мемлекеттік органдарға, Құрылтайшыға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да тұлғаларға ұсынады.

24. Корпоративтік қор кірістерінің, шығыстарының мөлшері мен құрылымы, сондай-ақ Корпоративтік қор мүлкінің мөлшері мен құрамы туралы, жұмыскерлер саны мен құрамы туралы, олардың еңбекақылары туралы мәліметтер коммерциялық құпия нысаны бола алмайды.

## 5. Корпоративтік қорды басқару

25. Корпоративтік қордың басқару органдары мыналар болып табылады:

- 1) жоғарғы орган – Құрылтайшы;
- 2) алқалы басқару органы – Қамқоршылық кеңес;
- 3) дербес атқарушы орган – Бас директор;
- 4) бақылау органы – Тексеруші.

## 6. Құрылтайшы

26. Құрылтайшының ерекше құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Корпоративтік қордың жарғысын бекіту, жарғыға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу, оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Корпоративтік қорды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 3) Корпоративтік қордың басқару органдарының құзыретін, ұйымдық құрылымын, қалыптастыру тәртібін айқындау және өкілеттіктерін тоқтату;
- 4) Қамқоршылық кеңестің сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 5) Тексерушіні белгілеу, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 6) Бас директордың қаржылық есептілікті ұсыну тәртібі мен мерзімділігін, сондай-ақ Тексерушінің тексерулерді жүргізу және олардың қорытындыларын бекіту тәртібін айқындау;
- 7) заңнамалық актілерде белгіленген шектерде Корпоративтік қордың басқа

заңды тұлғаларды, өз филиалдары мен өкілдіктерін құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

8) егер мұндай шешімді Корпоративтік қордың Қамқоршылық кеңесі қабылдай алмайтын болса, онда Корпоративтік қордың жасауда мүдделер қайшылығының орын алуын ұйғарымдайтын мәмілелерді жасасуы туралы шешімдерді қабылдау;

9) Корпоративтік қордың филиалдары мен өкілдіктерін құру туралы шешімдер қабылдау;

10) аудиторлық ұйымның аудиторлық есебінің немесе Тексерушінің қорытындысының негізінде жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

11) Корпоративтік қордың мүлкіне қосымша жарналар енгізу.

27. Осы Жарғының 26-тармағында көрсетілген мәселелермен қатар, Құрылтайшы Корпоративтік қор қызметінің кез келген мәселесін қарауға және ол бойынша шешім қабылдауға құқылы.

28. Құрылтайшы Корпоративтік қордың басқа органдарының Корпоративтік қордың ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

29. Құрылтайшы Корпоративтік қор қызметінің мәселелері бойынша шешімдерді мынадай тәртіппен қабылдайды:

1) Қамқоршылық кеңес Құрылтайшының шешім қабылдауы үшін қажетті материалдарды қоса бере отырып, өз бастамасы бойынша немесе Корпоративтік қор Бас директорының ұсынуы бойынша Корпоративтік қор қызметінің мәселелерін Құрылтайшының қарауына енгізуге құқылы;

2) Құрылтайшы келіп түскен мәселелерді қарайды және олар бойынша шешімдерді Қамқоршылық кеңестің төрағасынан келіп түскен сәтінен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде қабылдайды;

3) Құрылтайшы кез келген уақытта Корпоративтік қор қызметінің мәселелерін қарауға дербес бастамашылық жасауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы;

4) Құрылтайшының шешімдері жазбаша түрде ресімделеді.

## 7. Қамқоршылық кеңес

30. Қамқоршылық кеңес Корпоративтік қордың ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы орган болып табылады.

31. Қамқоршылық кеңес Құрылтайшы 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге тағайындайтын, кемінде 3 (үш) мүшеден тұрады.

32. Осы Жарғының 31-тармағында көрсетілген Қамқоршылық кеңестің мүшесі сайланатын мерзімдер саны шектеусіз.

33. Корпоративтік қордың штаттағы жұмыскерлері және бір-бірімен жақын туыстық байланыстағы немесе некеде тұрған адамдар Қамқоршылық кеңестің мүшелері бола алмайды.

34. Қамқоршылық кеңестің мүшелері өз қызметін тегін негізде жүзеге асырады.

35. Қамқоршылық кеңестің ерекше құзыретіне мыналар жатады:

1) Корпоративтік қордың Бас директорын сайлау, оның өкілеттігін тоқтату, сондай-ақ оның қызметін бағалау нәтижесінде Бас директорға берілетін сыйақы мөлшері мен шарттарын айқындау;

2) Бас директордың ұсынуы бойынша Бас директордың орынбасарын тағайындауды және оның лауазымдық жалақысының мөлшерін, сондай-ақ онымен еңбек қатынастарын тоқтатуды келісу;

3) Комплаенс қызметі жұмыскерлерін тағайындау, сондай-ақ олармен еңбек қатынастарын тоқтату, Комплаенс қызметі жұмыскерлерінің жұмыс тәртібін, еңбекақы және сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау;

4) аудиторлық ұйымның аудиторлық есебінің немесе Тексерушінің қорытындысының негізінде Корпоративтік қордың жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

5) Бас директордың Корпоративтік қордың қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдайтын құжаттарын қоспағанда, Корпоративтік қордың ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

6) Корпоративтік қордың бюджетін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

7) Корпоративтік қордың штаттық санын, құрылымын және штаттық кестесін бекіту;

8) жасауда мүдделер қақтығысы бар мәмілелерді бекіту;

9) Корпоративтік қордың филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын тағайындау;

10) Корпоративтік қордың әкімшілік шығыстарының жекелеген түрлерінің лимиттері мен нормативтерін бекіту;

11) ақшалай қаражаттарды жұмсау және қайырымдылық көмек көрсету тәртібін айқындау;

12) Корпоративтік қор қызметінің оның жарғылық мақсаттарына, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін, Корпоративтік қордың ақшасы мен өзге де мүлкінің жұмсалуын бақылауды жүзеге асыру;

13) Корпоративтік қордың қаржылық қызметін тексеруді жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

14) Корпоративтік қордың қайырымдылық көмек көрсетуі туралы шешім қабылдау;

15) заңнамада және осы Жарғыда көзделген, Корпоративтік қор Құрылтайшысының және басқа да басқару органдарының ерекше құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

36. Қамқоршылық кеңестің осы Жарғыға сәйкес Құрылтайшының құзыретіне жатқызылатын мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Құрылтайшының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

37. Қамқоршылық кеңес:

1) ықтимал мүдде қақтығыстарын, оның ішінде Корпоративтік қордың мүлкін заңсыз пайдалануды және мүдделер қақтығысы болжанатын мәмілелерді жасау кезінде теріс пиғылды пайдалануды қадағалауы және мүмкіндігінше болдырмауы;

2) Корпоративтік қордың басқару органдары қабылдаған шешімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асыруы тиіс.

38. Қамқоршылық кеңестің отырыстары тұрақты негізде өткізіліп тұрады. Қамқоршылық кеңестің отырысын шақыру және өткізу тәртібі Корпоративтік қордың Қамқоршылық кеңесі туралы ережеде айқындалады.

## 8. Бас директор

39. Бас директор Корпоративтік қордың ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

40. Бас директор Құрылтайшының, Қамқоршылық кеңестің шешімдерінің іске асырылуын қамтамасыз етеді және олардың алдында есеп береді.

41. Бас директор:

1) Корпоративтік қордың жоғары басқару органдары шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғамен қатынастарда Корпоративтік қордың атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның атынан Қазақстан Республикасындағы және одан тыс жерлердегі барлық мекемелерде, ұйымдарда, бірлестіктерде, үкіметтік емес ұйымдарда, халықаралық ұйымдарда және мемлекеттік органдарда өкілдік етеді;

3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында Корпоративтік қордың атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;

4) Корпоративтік қордың жұмыскерлерін еңбек заңнамасына және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес қабылдауды, ауыстыруды және қызметінен босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

5) штат кестесіне сәйкес жұмыскерлердің лауазымдық жалақыларының мөлшерін белгілейді, олардың қызметінің нәтижелеріне және Корпоративтік қордың ішкі құжаттарына сәйкес олардың сыйлықақыларының мөлшерін айқындайды;

6) өзі болмаған жағдайда, өзінің міндеттерін Бас директордың орынбасарларының біріне жүктейді;

7) бекітілуі Құрылтайшының және Қамқоршылық кеңестің құзыретіне жатқызылған ішкі құжаттарды қоспағанда, ішкі құжаттарды бекітеді;

8) Корпоративтік қордың жылдық бюджетін әзірлеуді және орындауды қамтамасыз етеді;

9) Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарын, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бекітеді;

10) Корпоративтік қордың банктік шоттарын ашады және жабады;



- 11) бұйрықтар мен өкімдер шығарады;
- 12) Қамқоршылық кеңес пен Құрылтайшының қарауына мәселелер мен материалдар дайындайды;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Корпоративтік қордың бухгалтерлік есебін жүргізуді, статистикалық және салықтық есептілігін ұсынуды қамтамасыз етеді;
- 14) Қамқоршылық кеңес тиісті күнтізбелік жылға бекіткен бюджет шегінде Корпоративтік қордың қаражатын басқарады;
- 15) Корпоративтік қордың басқа органдары жасау туралы шешім қабылдайтын мәмілелерден басқа, мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдайды;
- 16) Корпоративтік қордың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша басқа ұйымдармен ынтымақтастықты қамтамасыз етеді;
- 17) Қордың қайырымдылық қызметін үйлестіруді және оның мониторингін ұйымдастырады;
- 18) Корпоративтік қордың басқа органдарының құзыретіне жатпайтын басқа да әрекеттерді орындайды.

42. Бас директор өз міндеттерін орындау кезінде адал әрі Корпоративтік қордың ең жақсы мүдделеріне әрекет етуге міндетті.

43. Бас директор Жарғыны, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып, өзінің шешімдер қабылдауы салдарынан Корпоративтік қорға келтірілген залалдар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жауапты болады.

44. Корпоративтік қордың Бас директоры мен бас бухгалтері некелі, жақын туыс немесе жекжат адамдар болмауы тиіс. Бір адам екі лауазымды атқара алмайды.

## 9. Тексеруші

45. Корпоративтік қордың қаржылық қызметін тексеруді жүзеге асыру мақсатында Тексеруші Құрылтайшының шешімімен, әдетте, экономикалық, қаржылық, бақылау-тексеру салаларында немесе бухгалтерлік есеп және аудит саласында жоғары білімі және кемінде бес жыл еңбек өтілі бар Құрылтайшының өкілдері (жұмыскерлері) арасынан тағайындалады.

46. Тексерушіні Құрылтайшы 5 (бес) жыл мерзімге тағайындайды. Тексерушінің өкілеттігі Құрылтайшының шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

47. Тексерушінің функциялары мыналар:

- 1) Корпоративтік қордың қаржылық құжаттамасын, оның ішінде жылдық құжаттаманы тексеру;
- 2) бухгалтерлік есеп жүргізудің Қазақстан Республикасының заңнамасына және Корпоративтік қордың ішкі құжаттарына сәйкестігін талдау;
- 3) Бас директордың Құрылтайшы және Қамқоршылық кеңес шешімдерін

орындауын тексеру;

4) Корпоративтік қордың жарғылық қызметі шеңберінде жүргізілген қаржы қаражаты шығындарының негізділігін тексеру;

5) Корпоративтік қордың қаржы-шаруашылық қызметінің өзге де мәселелерін тексеру.

48. Тексеруші кез келген уақытта Қамқоршылық кеңестің немесе Құрылтайшының тапсырмасы бойынша Корпоративтік қордың қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы. Тексеруші Корпоративтік қордың барлық құжаттамасына сөзсіз қол жеткізу құқығына ие. Тексерушінің талабы бойынша жүргізілетін тексеру шеңберінде Корпоративтік қордың Бас директоры мен бас бухгалтері қажетті құжаттар мен түсіндірмелерді ауызша немесе жазбаша нысанда беруге міндетті. Корпоративтік қордың атқарушы органы ұсынатын құжаттардың және Корпоративтік қордың қызметін тексеру нәтижелерінің негізінде Тексеруші Қамқоршылық кеңеске немесе Құрылтайшыға Корпоративтік қордың жұмысы туралы қорытынды береді, онда басқа да қажетті мәліметтерден басқа, қаржылық есептілікте қамтылған деректердің дұрыстығы, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну тәртібін бұзудың анықталған фактілері туралы ақпарат міндетті түрде қамтылуға тиіс. Қорытынды Корпоративтік қордың қаржылық қызметін тексеру аяқталған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады. Тексерушінің қорытындысында баяндалған тексеру (тексеріс) нәтижелері құжаттармен (құжаттардың көшірмелерімен), тексеру (тексеріс) қорытындысына қоса берілетін Корпоративтік қор жұмыскерлерінің қажетті түсініктемелерімен расталуға тиіс.

49. Құрылтайшының тапсырмасы бойынша Тексеруші Корпоративтік қордың жылдық қаржылық есептілігін тексеруді жүргізуі мүмкін.

50. Тексерулер (тексерістер) жүргізу кезінде Тексеруші тексеру (тексеріс) нысанасына жататын барлық құжаттар мен материалдарды, олардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына, Корпоративтік қордың ішкі құжаттарына сәйкестігін тиісінше зерделеуге және тексеруге міндетті. Тексеруші жүргізілген тексерулердің (тексерістердің) нәтижелері бойынша қорытындылардың дұрыстығына жауапты болады. Тексерулердің (тексерістердің) қорытындылары бойынша жасалған Тексерушінің қорытындысына Бас директор оны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өзінің қарсылығын жазбаша түрде ұсынуға құқылы, ол тексеру (тексеріс) материалдарына қоса тіркеледі.

## **10. Корпоративтік қорды қайта ұйымдастыру және тарату**

51. Корпоративтік қор Қазақстан Республикасының заңнамада көзделген тәртіппен қайта ұйымдастырылады, таратылады. Корпоративтік қорды қайта ұйымдастыру, тарату туралы шешімді Құрылтайшы қабылдайды.

52. Корпоративтік қорды таратуды Қамқоршылық кеңесі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тағайындайтын тарату комиссиясы жүргізеді.

53. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап Корпоративтік қордың істерін басқару өкілеттігі тарату комиссиясына өтеді.

54. Корпоративтік қор таратылғаннан кейін қалған мүлік пен қаржы қаражаты осы Жарғыда көзделген мақсаттарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған ұқсас ұйымға қайырмалдылық немесе қайырымдылық көмек ретінде жіберіледі.

**Құрылтайшының атынан  
«Samruk-Kazyna Trust»  
корпоративтік қорының  
Бас директоры**



**Қ. Қожақов**



**УТВЕРЖДЕНО**  
решением Учредителя – Правления  
акционерного общества «Фонд  
национального благосостояния  
«Самрук-Казына»  
от 24 июня 2021 года  
(протокол № 27/21)

**УСТАВ  
КОРПОРАТИВНОГО ФОНДА  
«SAMRUK-KAZYNA TRUST»**



## **1. Наименование, адрес и правовой статус Корпоративного фонда**

1. Корпоративный фонд «Samruk-Kazyna Trust» (далее именуемый - Корпоративный фонд) является некоммерческой организацией, не имеет членства и создан Учредителем для достижения целей, предусмотренных в настоящем уставе.

2. Полное наименование Корпоративного фонда:

на казахском языке: «Samruk-Kazyna Trust» Корпоративтік қоры;

на русском языке: Корпоративный фонд «Samruk-Kazyna Trust»;

на английском языке: «Samruk-Kazyna Trust» Corporate fund;

Сокращенное наименование Корпоративного фонда:

на казахском языке: «Samruk-Kazyna Trust» КҚ;

на русском языке: КФ «Samruk-Kazyna Trust»;

на английском языке: «Samruk-Kazyna Trust» CF.

3. Место нахождения Корпоративного фонда: Республика Казахстан, Z05T1D8, город Нур-Султан, Есильский район, улица Сыганак, дом 17/10.

4. Корпоративный фонд приобретает статус юридического лица с момента его государственной регистрации и осуществляет свою деятельность в соответствии с законодательством Республики Казахстан и внутренними нормативными документами Корпоративного фонда.

5. Срок деятельности Корпоративного фонда не ограничен.

6. Корпоративный фонд имеет собственное обособленное имущество и баланс. Корпоративный фонд отвечает по своим обязательствам в пределах своего имущества. Учредитель не несет ответственности по обязательствам Корпоративного фонда и Корпоративный фонд не несет ответственности по обязательствам Учредителя.

7. Корпоративный фонд вправе открывать банковские счета в национальной и иностранной валюте.

8. Корпоративный фонд вправе создавать филиалы и представительства на территории Республики Казахстан в соответствии с законодательством Республики Казахстан. Руководители филиалов и представительств Корпоративного фонда назначаются уполномоченным органом Корпоративного фонда и действуют на основании доверенности.

9. Корпоративный фонд имеет собственную печать, штампы, фирменные бланки, символику.

10. Корпоративный фонд имеет право принимать участие в создании или деятельности других юридических лиц, вступать в ассоциации и союзы, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан.

## **2. Порядок внесения изменений и дополнений в учредительные документы Корпоративного фонда**

11. Изменения и дополнения в устав Корпоративного фонда вносятся по решению Учредителя в порядке, определенном настоящим уставом.

### 3. Цели и предмет деятельности Корпоративного фонда

12. Целями деятельности Корпоративного фонда являются:
- 1) помощь людям, сообществам в социальном и медицинском секторе;
  - 2) развитие медиа, культурного сообщества, человеческого потенциала, укрепление трудовых отношений и инвестиции в устойчивое развитие общества;
  - 3) реализация региональной программы социальных инвестиций в регионах присутствия группы компаний АО «Самрук-Казына» (далее именуемый – Фонд);
  - 4) укрепление репутации и продвижение имиджа Фонда и/или группы Фонда;
  - 5) поддержка, развитие и укрепление профессионального спорта.
13. Предметом деятельности Корпоративного фонда являются:
- 1) оказание благотворительной помощи;
  - 2) развитие сотрудничества с общественными, государственными и другими организациями и учреждениями как в Республике Казахстан, так и за рубежом для оказания благотворительной помощи в области образования, науки, культуры, спорта, искусства, предпринимательства;
  - 3) разработка программ и проведение мероприятий, направленных на оказание благотворительной помощи в области образования, науки, культуры, спорта, искусства, предпринимательства;
  - 4) содействие организациям, в том числе государственным и международным в разработке и проведении мероприятий и программ в области образования, науки, культуры, спорта, искусства, предпринимательства, в рамках оказания благотворительной помощи;
  - 5) привлечение материальных и финансовых средств для осуществления благотворительности;
  - 6) определение порядка финансирования благотворительности, а также осуществление контроля за эффективным использованием средств благотворительной помощи, выделяемых Фондом;
  - 7) руководство деятельностью спортивных клубов и организаций, в которых Корпоративный фонд является участником (учредителем, акционером).
14. Для выполнения целей, определенных настоящим уставом, Корпоративный фонд вправе:
- 1) осуществлять научную, информационную, издательскую, просветительскую работы;
  - 2) создавать экспертные и другие советы и комиссии, в том числе с привлечением общественных деятелей Республики Казахстан и представителей бизнеса, специалистов государственных органов Республики Казахстан и иностранных государств;

3) учреждать премии, устанавливать стипендии и гранты, организовывать конференции, форумы, симпозиумы, выставки, инвестиционные саммиты, фестивали, конкурсы в рамках установленных процедур;

4) содействовать развитию предпринимательства и развитию социальной инфраструктуры в Республике Казахстан в рамках благотворительности;

5) проводить спортивные мероприятия, содействовать и принимать участие в строительстве спортивных сооружений и развитии спортивной инфраструктуры;

6) осуществлять другие, не запрещенные законодательством Республики Казахстан, виды деятельности, необходимые для решения задач, предусмотренных настоящим уставом.

15. Для достижения целей, определенных настоящим уставом, Корпоративный фонд вправе осуществлять предпринимательскую деятельность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

16. В случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, Корпоративный фонд вправе осуществлять определенные виды деятельности при наличии соответствующей лицензии.

#### **4. Имущество Корпоративного фонда**

17. Имущество, переданное Корпоративному фонду его Учредителем, является собственностью Корпоративного фонда. Учредитель не имеет имущественных прав на имущество Корпоративного фонда.

18. Имущество Корпоративного фонда формируется за счет единовременных и (или) регулярных поступлений от Учредителя.

19. Источниками формирования имущества Корпоративного фонда в денежной и иной формах являются:

- 1) поступления от Учредителя;
- 2) добровольные имущественные взносы и пожертвования;
- 3) поступления (доходы) от реализации товаров, работ и услуг в случаях, установленных законодательством Республики Казахстан;

4) дивиденды (доходы, вознаграждение, интерес, получаемые по акциям, облигациям, другим ценным бумагам, вкладам (депозитам));

5) другие, не запрещенные законодательством Республики Казахстан поступления.

20. Корпоративный фонд может иметь в собственности имущество, необходимое для материального обеспечения деятельности, предусмотренной уставом. Корпоративный фонд вправе создавать организации и быть участником (акционером) юридических лиц. Доход от предпринимательской и иной, не запрещенной законодательством деятельности не поступает в собственность Учредителя, не распределяется между другими лицами и

направляется на цели деятельности Корпоративного фонда и обеспечение деятельности Корпоративного фонда.

21. Корпоративный фонд обязан осуществлять проверки финансовой деятельности в течение 6 месяцев по окончании финансового года. Проверки осуществляются аудиторской организацией, привлекаемой в порядке, установленном законодательством и внутренними документами Корпоративного фонда, или ревизором, назначаемым Учредителем.

22. Корпоративный фонд обязан ежегодно размещать отчеты об использовании своего имущества на интернет-ресурсах и (или) публиковать их в периодических печатных изданиях, распространяемых на всей территории Республики Казахстан после утверждения годовой финансовой отчетности Корпоративного фонда за прошедший финансовый год.

23. Корпоративный фонд предоставляет информацию о своей деятельности уполномоченным государственным органам, Учредителю и иным лицам в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

24. Размеры и структура доходов, расходов Корпоративного фонда, а также сведения о размерах и составе имущества Корпоративного фонда, численности и составе работников, об оплате их труда не могут быть предметом коммерческой тайны.

## **5. Управление Корпоративным фондом**

25. Органами управления Корпоративного фонда являются:

- 1) высший орган - Учредитель;
- 2) коллегиальный орган управления - Попечительский совет;
- 3) единоличный исполнительный орган - Генеральный директор;
- 4) контрольный орган - Ревизор.

## **6. Учредитель**

26. К исключительной компетенции Учредителя относятся вопросы:

- 1) утверждение устава Корпоративного фонда, внесение изменений и дополнений в устав, утверждение его в новой редакции;
- 2) добровольная реорганизация или ликвидации Корпоративного фонда;
- 3) определение компетенции, организационной структуры, порядка формирования и прекращения полномочий органов управления Корпоративного фонда;
- 4) определение количественного состава и срока полномочий Попечительского совета, избрание его членов, а также досрочное прекращение их полномочий;
- 5) назначение Ревизора, а также досрочное прекращение его полномочий;



6) определение порядка и периодичности представления финансовой отчетности Генеральным директором, а также порядка проведения проверок Ревизором и утверждения их результатов;

7) принятие в пределах, установленных законодательными актами, решения об участии Корпоративного фонда в создании или деятельности других юридических лиц, своих филиалов и представительств;

8) принятие решения о заключении Корпоративным фондом сделок, в совершении которых имеется конфликт интересов, если такое решение не может быть принято Попечительским советом Корпоративного фонда;

9) принятие решения о создании филиалов и представительств Корпоративного фонда;

10) утверждение годовой финансовой отчетности на основании аудиторского отчета аудиторской организации или заключения Ревизора;

11) внесение дополнительных вкладов в имущество Корпоративного фонда.

27. Помимо вопросов, указанных в пункте 26 настоящего устава, Учредитель вправе рассмотреть любой вопрос деятельности Корпоративного фонда и принять по нему решение.

28. Учредитель вправе отменить любое решение иных органов Корпоративного фонда по вопросам, относящимся к внутренней деятельности Корпоративного фонда.

29. Учредитель принимает решения по вопросам деятельности Корпоративного фонда в следующем порядке:

1) Попечительский совет вправе по своей инициативе или по представлению Генерального директора Корпоративного фонда вносить на рассмотрение Учредителя вопросы деятельности Корпоративного фонда с приложением материалов, необходимых для принятия решения Учредителем;

2) Учредитель рассматривает поступившие вопросы, и принимает по ним решения в течение 30 (тридцати) рабочих дней с момента их поступления от председателя Попечительского совета;

3) Учредитель вправе в любое время самостоятельно инициировать рассмотрение вопросов деятельности Корпоративного фонда и принимать по ним решения;

4) решения Учредителя оформляются письменно.

## 7. Попечительский совет

30. Попечительский совет является коллегиальным органом, осуществляющим руководство текущей деятельностью Корпоративного фонда.

31. Попечительский совет состоит не менее чем из 3 (трех) членов, назначаемых Учредителем на срок, не превышающий 3 (три) года.

32. Количество сроков, указанных в пункте 31 настоящего устава, на которые может избираться член Попечительского совета, не ограничено.

33. Членами Попечительского совета не могут быть штатные работники Корпоративного фонда и лица, связанные между собой близким родством, либо состоящие в браке.

34. Члены Попечительского совета осуществляют свою деятельность на безвозмездной основе.

35. К исключительной компетенции Попечительского совета относится:

1) избрание Генерального директора Корпоративного фонда, прекращение его полномочий, а также определение размера и условий премирования Генерального директора по результатам оценки его деятельности;

2) согласование назначения заместителя Генерального директора по представлению Генерального директора и размера его должностного оклада, а также прекращения с ним трудовых отношений;

3) назначение работников Службы комплаенс, а также прекращение с ними трудовых отношений, определение порядка работы, размера и условий оплаты труда и премирования работников Службы комплаенс;

4) предварительное утверждение годовой финансовой отчетности Корпоративного фонда на основании аудиторского отчета аудиторской организации или заключения Ревизора;

5) утверждение документов, регулирующих внутреннюю деятельность Корпоративного фонда, за исключением документов, принимаемых Генеральным директором в целях организации деятельности Корпоративного фонда;

6) утверждение бюджета Корпоративного фонда, а также внесение в него изменений и дополнений;

7) утверждение штатной численности, структуры и штатного расписания Корпоративного фонда;

8) утверждение сделок, в совершении которых имеется конфликт интересов;

9) назначение руководителей филиалов и представительств Корпоративного фонда;

10) утверждение лимитов и нормативов отдельных видов административных расходов Корпоративного фонда;

11) определение порядка расходования денежных средств и оказания благотворительной помощи;

12) осуществление контроля за соответствием деятельности Корпоративного фонда его уставным целям, требованиям законодательства Республики Казахстан, расходованием денег и иного имущества Корпоративного фонда;

13) определение аудиторской организации, осуществляющей проверки финансовой деятельности Корпоративного фонда;

14) принятие решения об оказании Корпоративным фондом благотворительной помощи;

15) иные вопросы, предусмотренные законодательством и настоящим уставом, не относящиеся к исключительной компетенции Учредителя и других органов управления Корпоративного фонда.

36. Попечительский совет не вправе принимать решения по вопросам, которые в соответствии с настоящим уставом отнесены к компетенции Учредителя, а также принимать решения, противоречащие решениям Учредителя.

37. Попечительский совет должен:

1) отслеживать и по возможности устранять потенциальные конфликты интересов, в том числе неправомерное использование собственности Корпоративного фонда и злоупотребление при совершении сделок, в которых предполагается конфликт интересов;

2) осуществлять контроль за исполнением решений, принятыми органами управления Корпоративного фонда.

38. Заседания Попечительского совета проводятся на регулярной основе. Порядок созыва и проведения заседаний Попечительского совета определяется Положением о Попечительском совете Корпоративного фонда.

## 8. Генеральный директор

39. Генеральный директор осуществляет текущее руководство деятельностью Корпоративного фонда.

40. Генеральный директор обеспечивает реализацию решений Учредителя, Попечительского совета и подотчетен им.

41. Генеральный директор:

1) организует выполнение решений вышестоящих органов управления Корпоративного фонда;

2) без доверенности действует от имени Корпоративного фонда в его отношениях с третьими лицами и представляет его во всех учреждениях, организациях, объединениях, неправительственных организациях, международных организациях и государственных органах как в Республике Казахстан, так и за ее пределами;

3) выдает доверенности на право предоставления Корпоративного фонда в его отношениях с третьими лицами;

4) осуществляет прием, перемещение и увольнение работников Корпоративного фонда, применяет к ним меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания в соответствии с трудовым законодательством и внутренними документами Корпоративного фонда;

5) устанавливает размеры должностных окладов работников в соответствии со штатным расписанием, определяет размеры их премий в соответствии с результатами их деятельности и внутренними документами Корпоративного фонда;

6) в случае своего отсутствия возлагает исполнение своих обязанностей на одного из заместителей Генерального директора;

7) утверждает внутренние документы, за исключением внутренних документов, утверждение которых отнесено к компетенции Учредителя и Попечительского совета;

8) обеспечивает разработку и исполнение годового бюджета Корпоративного фонда;

9) утверждает План закупок товаров, работ и услуг, а также внесение изменений и дополнений к нему;

10) открывает и закрывает банковские счета Корпоративного фонда;

11) издает приказы и распоряжения;

12) готовит вопросы и материалы на рассмотрение Попечительского совета и Учредителя;

13) обеспечивает ведение бухгалтерского учета и представление статистической и налоговой отчетности Корпоративного фонда в соответствии с законодательством Республики Казахстан;

14) распоряжается средствами Корпоративного фонда в пределах бюджета, утвержденного Попечительским советом на соответствующий календарный год;

15) принимает решения о заключении сделок, за исключением сделок, решение о заключении которых принимается иными органами Корпоративного фонда;

16) обеспечивает сотрудничество с другими организациями по вопросам, входящим в компетенцию Корпоративного фонда;

17) организует координацию и мониторинг благотворительности Фонда;

18) выполняет иные действия, не относящиеся к компетенции иных органов Корпоративного фонда.

42. При выполнении своих обязанностей Генеральный директор обязан действовать добросовестно и в наилучших интересах Корпоративного фонда.

43. Генеральный директор в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан, несет ответственность за убытки, причиненные Корпоративному фонду вследствие принятия им решений в нарушение устава, законодательства Республики Казахстан.

44. Генеральный директор и главный бухгалтер Корпоративного фонда не должны быть связаны браком, близким родством или свойством. Одно и то же лицо не может находиться на обеих должностях.

## 9. Ревизор

45. В целях осуществления проверок финансовой деятельности Корпоративного фонда решением Учредителя назначается Ревизор из числа представителей (работников) Учредителя, имеющих высшее образование и трудовой стаж не менее пяти лет, как правило, в экономической, финансовой, контрольно-ревизионной сферах или в области бухгалтерского учета и аудита.

46. Ревизор назначается Учредителем сроком на 5 (пять) лет. Полномочия Ревизора могут быть досрочно прекращены по решению Учредителя.



47. Функциями Ревизора являются:

- 1) проверка финансовой документации Корпоративного фонда, в том числе годовой;
- 2) анализ соответствия ведения бухгалтерского учета законодательству Республики Казахстан и внутренним документам Корпоративного фонда;
- 3) проверка выполнения Генеральным директором решений Учредителя и Попечительского совета;
- 4) проверка обоснованности произведенных затрат финансовых средств в рамках уставной деятельности Корпоративного фонда;
- 5) проверка иных вопросов финансово-хозяйственной деятельности Корпоративного фонда.

48. Ревизор вправе во всякое время производить проверки финансово-хозяйственной деятельности Корпоративного фонда по поручению Попечительского совета или Учредителя. Ревизор обладает правом безусловного доступа ко всей документации Корпоративного фонда. В рамках проводимой проверки по требованию Ревизора Генеральный директор и главный бухгалтер Корпоративного фонда обязаны предоставлять необходимые документы и пояснения в устной или письменной форме. На основании документов, представляемых исполнительным органом Корпоративного фонда, и результатов проверок деятельности Корпоративного фонда, Ревизор представляет Попечительскому совету или Учредителю заключение о работе Корпоративного фонда, которое помимо других необходимых сведений обязательно должно содержать информацию о достоверности данных, содержащихся в финансовой отчетности, выявленных фактах нарушения порядка ведения бухгалтерского учета и представления финансовой отчетности. Заключение представляется не позднее 15 (пятнадцать) рабочих дней со дня окончания проверки финансовой деятельности Корпоративного фонда. Результаты проверки (ревизии), излагаемые в заключении Ревизора, должны подтверждаться документами (копиями документов), необходимыми объяснениями работников Корпоративного фонда, которые прилагаются к заключению проверки (ревизии).

49. Проверка годовой финансовой отчетности Корпоративного фонда может проводиться Ревизором по поручению Учредителя.

50. При проведении проверок (ревизий) Ревизор обязан надлежащим образом изучать и проверять все документы и материалы, относящиеся к предмету проверки (ревизии), их соответствие требованиям действующего законодательства Республики Казахстан, внутренним документам Корпоративного фонда. Ревизор несет ответственность за достоверность заключений по результатам проведенных проверок (ревизий). На составленное по итогам проверок (ревизий) заключение Ревизора Генеральный директор вправе в течение 3 (трех) рабочих дней со дня его получения представить свое возражение в письменном виде, которое приобщается к материалам проверки (ревизии).

## 10. Реорганизация и ликвидация Корпоративного фонда

51. Корпоративный фонд может быть реорганизован, ликвидирован в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан. Решение о реорганизации, ликвидации Корпоративного фонда принимается Учредителем.

52. Ликвидация Корпоративного фонда производится ликвидационной комиссией, назначаемой Попечительским советом или судом в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

53. С момента назначения ликвидационной комиссии полномочия по управлению делами Корпоративного фонда переходят к ликвидационной комиссии.

54. Имущество и финансовые средства, оставшиеся после ликвидации Корпоративного фонда, направляются на цели, предусмотренные настоящим уставом, а также в качестве пожертвования или благотворительной помощи аналогичной организации, созданной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

От имени Учредителя  
Генеральный директор  
Корпоративного фонда  
«Samruk-Kazyna Trust»



**К. Кожаков**

»»

ЫҢ  
МЕН

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**БАРЛЫҚ  
НӨМІРЛЕНГЕН,  
ТІРКЕЛГЕН**

20 21 ж. « 13 » 07

Генеральный директор

22 ПАРК  
ЖҮРГІЗ

ПРОШИТО  
ПРОНУМЕРОВАНО  
ДА 09 09 2021 Ж. 13 07  
СКРЕПЛЕНО ПЕЧАТЮ АБИОСТАХИ

